

Жамбыл селолық округіне қарасты Қапал ауылындағы Бурыл көшесінің атын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Жамбыл селолық округі әкімінің 2010 жылғы 07 мамырдағы N 52 Шешімі. Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 04 маусымда 119 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған".

Қапал ауылы Бурыл көшесі тұрғындарының пікірін ескере отырып және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасын басшылыққа ала
о т ы р ы п **Ш Е Ш Е М І Н :**

1. Жамбыл селолық округіне қарасты Қапал ауылындағы Бурыл көшесінің аты Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері Қайназаров Уәлихан Рахымұлы атындағы көше
б о л ы п ө з г е р т і л с і н .

2. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл селолық округінің әкімі

Б.Садырбаев